

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2016 жылғы 23 қыркүйектегі № 796 бұйрығы

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының 50-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Күші жойылды деп танылсын:

1) "Жеке нотариустардың есептік тіркеуден өту ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы № 30 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7446 болып тіркелген, 2012 жылғы 26 мамырдағы № 269- 273 (27347) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған) ;

2) "Жеке нотариустардың есептік тіркеуден өту ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы № 30 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 31 тамыздағы № 310 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7888 болып тіркелген, 2012 жылғы 19 қыркүйектегі № 609-614 (27687) " Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған).

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заң қызметін ұйымдастыру департаменті:

1) осы бұйрықтың көшірмесін Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу департаментіне баспа және электрондық түрде мерзімді баспа басылымдарында және " Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпараттық орталығына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Әділет министрі М. Бекетаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК